

Бекітемін

«Ақтөбе облыстық «Нектар» арнайы
балабақшасы» коммуналдық мемлекеттік
мекемесінің меңгерушісі

А.О.Сеитова

2025-2026 оқу жылы

Психикалық дамуы тежелген «Қарлығаш» ересек тобының дефектологы Ш.Е.Төрешованың
«Қоршаған әлеммен таныстыру және сөйлеуді дамыту» («Бізді қоршаған әлемнің қызықтары» бағдарламасы) және
«Сенсорика» («Қызықты әлем»бағдарламасы) пәндері бойынша арнайы түзетім қызметінің 2025-2026 оқу жылына
құрастырған перспективалық жоспары

Қыркүйек 2025 жыл	
Арнайы түзету іс-әрекеті	Арнайы түзету іс-әрекетінің міндеттері
«Қоршаған әлеммен таныстыру және сөйлеуді дамыту»	Фонематикалық түсініктерін дамыту. Байланыстырып сөйлеу тілін дамыту.Сөйлеу тілін есту,көріп қабылдау,зейін,ұсақ және жалпы моториканы дамыту.Ынтымақтастық,өзара түсіністік ,мейірімділік,жауапкершілік,бастамашылдық дағдыларын қалыптастыру. Байланыстырып сөйлеу тілін және зейінін дамыту. Сөзді буынға бөлу дағдысын жетілдіру. Сөйлеу тілін қимыл –қозғалыспен үйлестіру. сөздік қорын белсенділеу, кеңейту, нақтылау. Қоршаған ортаға деген көзқарасын дамыту, таным деңгейін қалыптастыру.
Сенсорика	Қол моторикасын дамыту, баланың ойлау қабілетін дамыту.(ойыншықтарды құрастыру). Түрлі-түсті кубиктерді тізіп, бір-бірінің үстіне қойып үйрету. Түстерді атауға, салыстыруға жаттықтыру;

А.О.Сеитова
1

	берілген тапсырманы орындауға ынталандыру; достық қарым-қатынастарын тәрбиелеу. Баланың даму деңгейін, пішін, түс, көлем туралы түсінігін анықтау және логикалық ойлау қабілеттерін дамыту. Балалардың оқу қызметіне қызығушылығын арттыру. Пішінді түсті ажыратып, ұқыпты жұмыс істеуге дағдыландыру. Балаларды бауырмалдыққа, ұқыпты болуға, татулыққа, өзара сыйластыққа, жанашырлыққа тәрбиелеу.
--	---

Қазан 2025 жыл	
Арнайы түзету іс-әрекеті	Арнайы түзету іс-әрекетінің міндеттері
«Қоршаған әлеммен таныстыру және сөйлеуді дамыту»	Дыбыстары бойынша нысандарды топтастыру дағдысын бекіту, естіп қабылдауы мен зейінін дамыту, таныстыруды жалғастыру; саусақтың ұсақ бұлшық еттерінің қозғалысын жетілдіру. Табиғаттағы ауа-райының жағдайларын бақылау дағдыларын жетілдіру. Нұсқауларды түсінуі қалыптастыру. Жұмыс қарқыны тексеру. Құрастыру ерекшеліктері дамыту. Сөздерді байланыстыру, сөздік қорын тексеру. Қызығушылық реакциясын дамыту. Есту зейінін, есте сақтау, ойлау қабілеттерін дамыту және ұсақ қол моторикасын дамыту. Белсенділік, жауапкершілік, мейірімділік, достық, бірлесу дағдыларын қалыптастыру.
«Сенсорика»	Биік-аласа, бір-көп ұғымдармен таныстыру. Жоғары мен төменді бір бірінен ажырата білуге үйрету. Заттардың бір зат және көп зат екенін айыра білуді үйрету. Қоршаған ортадан бір және көп затты таба білуді дамыту. Шыдамдылыққа, қызығушылыққа тәрбиелеу. Кесілген суреттерді орналастыруға үйрету. Көрнекі қабылдауды, зейінді, ойлауды, есте сақтауды дамыту. Балаларға қатты және жұмсақ заттарды сезуге және ажыратуға үйрету. Заттарды топтастыруды үйрету. Заттардың түсі, пішіні, өлшемі бойынша тануға үйрету.

Қараша 2025 жыл	
Арнайы түзету іс-әрекеті	Арнайы түзету іс-әрекетінің міндеттері
«Қоршаған әлеммен таныстыру және сөйлеуді дамыту»	Фонематикалық қабылдауын, ойлау, ұсақ моторикасын, көрнекі – бейнелік гнозисін дамыту. Жинақтап айту, салыстырып айту білігін жетілдіру. Зейін, есте сақтау, ойлау қабілеттерін дамыту. Белсенділік, жауапкершілік, мейірімділік, достық, бірлесу дағдыларын қалыптастыру. Баланың бақылағыштығын, қиялын дамыту. Дыбысқа еліктеу, музыкалық аспаптар, шикылдауыш ойыншықтарды қолданумен түрлі қаттылықтағы (қатты-ақырын), жоғарылықтағы (жоғары-төмен) дыбыстарды қабылдау кезіндегі есту зейінін дамыту;
«Сенсорика»	Балалардың өз сөзімен суреттеп, сөйлей білу қабілеттерін дамыту. Еңбекқорлыққа, табиғатты аялауға, әсемдікті көре білуге, сезінуге тәрбиелеу. Жалпылау үшін елеулі белгілерін орнатуға үйрету. Байланыстырып сөйлеуін дамыту. Балаларда танымдық қызығушылықты дамыту.

Желтоқсан 2025 жыл	
Арнайы түзету іс-әрекеті	Арнайы түзету іс-әрекетінің міндеттері
«Қоршаған әлеммен таныстыру және сөйлеуді дамыту»	Фонематикалық қабылдауын, ойлау, ұсақ моторикасын, көрнекі – бейнелік гнозисін дамыту. Жинақтап айту, салыстырып айту білігін жетілдіру. Зейін, есте сақтау, ойлау қабілеттерін дамыту. Белсенділік, жауапкершілік, мейірімділік, достық, бірлесу дағдыларын қалыптастыру. Баланың бақылағыштығын, қиялын дамыту. Дыбысқа еліктеу, музыкалық аспаптар, шикылдауыш ойыншықтарды қолданумен түрлі қаттылықтағы (қатты-ақырын), жоғарылықтағы (жоғары-төмен) дыбыстарды қабылдау кезіндегі есту зейінін дамыту;
«Сенсорика»	Балалардың өз сөзімен суреттеп, сөйлей білу қабілеттерін дамыту. Еңбекқорлыққа, табиғатты аялауға, әсемдікті көре білуге, сезінуге тәрбиелеу. Жалпылау үшін елеулі белгілерін орнатуға үйрету. Байланыстырып сөйлеуін дамыту. Балаларда танымдық қызығушылықты дамыту. Форма бойынша заттарды танып білу (текше, кірпіш, шар, призма); Жазықтықтағы пішіндерге (шеңбер, сопақша, шаршы, тік төртбұрыш) байланыста бағдарлау; Түс, пішін, шама бойынша біркелкі заттарды салыстыру, ара қатынасын белгілеу, топтау; Заттардың пішіндерін саусақтармен сұлба бойынша жиектеу қабілеттерін дамыту.

Қаңтар 2026 жыл	
Арнайы түзету іс-әрекеті	Арнайы түзету іс-әрекетінің міндеттері
«Қоршаған әлеммен таныстыру және сөйлеуді дамыту»	Тіл байлықтарын дамыту. "Үстінде", "астында", "ішінде" ұғымдарымен таныстыру. Балалардың сөйлеу, ойлау, есте сақтау қабілеттерін дамыту, сөздік қорларын молайту. Танымдық іс-әрекет жағдайын қалыптастыру. Жалпы және қолдың ұсақ моторикасын дамыту. Нұсқауларды түсінуі қалыптастыру. Құрастыру ерекшеліктері дамыту. Қызығушылық реакциясын қалыптастыру. Есту зейінін, есте сақтау, ойлау қабілеттерін дамыту және ұсақ қол моторикасын дамыту.
«Сенсорика»	Сөздерді байланыстыру, сөздік қорын тексеру. Үлгіге сүйене отырып, моншақтарды түсі бойынша кезектестіруге үйрету. Балалардың заттардың саны, сапасы туралы білімдерін бекітуді жалғастыру, "қатты", "жұмсақ" қасиеттерін ажырата білуге және атай білуге үйрету. Дыбыстарды ажырата білуге үйрету. Есту қабілеті мен зейінін дамыту. Таныс заттар мен құбылыстарды олардың дыбыстық сипаттамаларына сәйкес бөлу. Зейінділікке тәрбиелеу.

Ақпан 2026 жыл	
Арнайы түзету іс-әрекеті	Арнайы түзету іс-әрекетінің міндеттері
«Қоршаған әлеммен таныстыру және сөйлеуді дамыту»	Танымдық және сөздік шеберлігін дамыту, көру, сезу, қозғалу, салыстыру арқылы түсті, пішінді, өлшемді анықтауды қалыптастыру. Ойын,оқу іс-әрекеттері туралы түсініктерін қалыптастыру және сабақ барысында кішіпейіл болуға тәрбиелеу. сөздік қорларын, анықтау,кеңейту, белсенділеу,сұраққа толық жауап беруге үйрету. Табиғат сұлулығын сезінуге, оны қорғауға, батылдыққа, адамгершілікке, ұжыммен бірлесіп әрекет жасауға тәрбиелеу.табиғат құбылыстарымен таныстыру.
«Сенсорика»	Табиғатқа және бір-біріне қамқорлық қарым - қатынасқа баулу. Балаларды қоршаған әлемді танудың маңыздылығы туралы түсініктерін қалыптастыру.Есте сақтау қабілеттерін, ой-өрістерін, зейіндерін,көріп тану қабілеттерін дамыту, дүние-танымдарын кеңейтіп, қиялдарын шарықтату. Сурет салуға, жабыстыруға, құрастыруға үйрету,математика мен жазу негіздерін қалыптастыру.

Наурыз 2026 жыл	
Арнайы түзету іс-әрекеті	Арнайы түзету іс-әрекетінің міндеттері
«Қоршаған әлеммен таныстыру және сөйлеуді дамыту»	Көру арқылы ойлау қабілеттін, таным деңгейін қалыптастыру. Балаларды бауырмалдыққа, ұқыпты болуға, татулыққа, өзара сыйластыққа, жанашырлыққа тәрбиелеу. Көріп қабылдау және зейінін, фонематикалық қабылдауын дамыту. Жұмбақтар шешіп үйрену. Сипаттап айтуға, рөлдік дағдыларын қалыптастыру. Ойын, оқу іс-әрекеттері туралы түсініктерін қалыптастыру және сабақ барысында кішіпейіл болуға тәрбиелеу.
«Сенсорика»	Салыстырып айтуға, сипаттауға үйрету. Ойлау және есте сақтау қабілеттерін дамыту. Сөзге дыбыстық талдау жасау және буынға бөлу дағдыларын жетілдіру. Ұқыптылыққа, еңбек сүйгіштікке, анық сөйлеуге тәрбиелеу. Байланыстырып сөйлеу тілін, көріп қабылдау және зейінін дамыту. Жұмбақтар шешіп, жаңылтпаштар айтып үйрену. Шыншылдыққа, адамгершілікке тәрбиелеу. Сөздерді байланыстыру, сөздік қорын тексеру. Қызығушылық реакциясын дамыту. Есту зейінін, есте сақтау, ойлау қабілеттерін дамыту және ұсақ қол моторикасын дамыту.

Сәуір 2026 жыл	
Арнайы түзету іс-әрекеті	Арнайы түзету іс-әрекетінің міндеттері
«Қоршаған әлеммен таныстыру және сөйлеуді дамыту»	Сөздік қорын жаңа сөздермен толықтыру . Байланыстырып сөйлеу тілдерін,ұсақ моториканы дамыту. Байланыстырып сөйлеу тілдерін ,фонематикалық түсініктерін дамыту.Сурет бойынша әңгіме құрап айтуға ,сұрақтарға толық жауап беруге үйрету.Жауапкершілік,белсенділік, мейірімділік,бірлесу дағдыларын қалыптастыру. Сөйлеу тілінің грамматикалық қатарын жетілдіру.Рөлде ойнау біліктерін қалыптастыру. Саусақ моторикасын дамыту
«Сенсорика»	Сурет бойынша әңгімелеу,сөйлемдер құрап айту дағдыларын дамыту. Табиғат ерекшеліктері мен өзгерістерін бақылау арқылы тілдерін дамыту, табиғатты аялауға, табиғаттың әсемдігін, сұлулығын көре, сезе білуге тәрбиелеу. Тілдік қарым-қатынас дағдыларын ,байланыстырып сөйлеу тілін,көріп қабылдау және зейінін,шығармашылық қиялын дамыту.Сұраққа толық жауап беру дағдыларын дамыту.Сөйлеу тілінің грамматикалық қатарын жетілдіру жұмысын жалғастыру.Фонематикалық есту және қабылдауын дамыту.

Мамыр 2026 жыл	
Арнайы түзету іс-әрекеті	Арнайы түзету іс-әрекетінің міндеттері
«Қоршаған әлеммен таныстыру және сөйлеуді дамыту»	Сөйлеу тілінің грамматикалық қатарын жетілдіру жұмысын жалғастыру. Фонематикалық есту және қабылдауын дамыту. Ойлау, есте сақтау қабілеттерін, зейінін дамыту. Ұқыптылыққа, еңбек сүйгіштікке, анық сөйлеуге тәрбиелеу. Жалпы және ұсақ қол моторикасын қалыптастыру. Тақырып бойынша сөз қорларын кеңейту және анықтау. Тілдік естуін, ойлау, жалпы тілдік дағдыларын, диалогтік сөйлеу тілін дамыту. Ойын, оқу іс-әрекеттері туралы түсініктерін қалыптастыру және сабақ барысында кішіпейіл болуға тәрбиелеу.
«Сенсорика»	Диалогтік сөйлеу, фонематикалық қабылдау, ойлау, ұсақ моторика және жалпы моториканы дамыту, сөйлеуді қимыл-қозғалыспен үйлестіру. Бірлесу, мейірімділік, белсенділік, жауапкершілік, өзара түсінісушілік дағдыларын қалыптастыру. Зейін, есте сақтау, ойлау қабілеттерін дамыту. Ойлау, есте сақтау қабілеттерін, зейінін және фонематикалық түсініктерін дамыту. Ойын, оқу іс-әрекеттері туралы түсініктерін қалыптастыру және сабақ барысында кішіпейіл болуға тәрбиелеу. Түстерді атауға, салыстыруға жаттықтыру; берілген тапсырманы орындауға ынталандыру; достық қарым-қатынастарын тәрбиелеу.



Бекітемін

Ақтөбе облыстық «Нектар» арнайы
балалар бағдарламасы» коммуналдық
мәдениеттік мекемесінің меңгерушісі
А.О.Сентова
2025-2026 оқу жылы

Психикалық дамуы тежелген арнайы түзетім оқу қызметінің
сенсорика бойынша «Қызықты әлем» атты
ересек жастағы балалар үшін
жұмыс бағдарламасы

Дефектолог: Төрешова Ш.Е

Ақтөбе, 2025 жыл

«Ақтөбе облыстық «Нектар» арнайы балабақшасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің әдістемелік кеңесінде қаралып және бекітілді.

Авторлары – құрастырушылар:

Сентова Асия Орынбасаровна – «Ақтөбе облыстық «Нектар» арнайы балабақшасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің меңгерушісі

Төрекешова Шолпан Ерболқызы – «Ақтөбе облыстық «Нектар» арнайы балабақшасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің дефектолог маманы

Пікір берушілер:

Н.Ж. Жалғас - Ақтөбе облыстық ғылыми – тәжірибелік орталығының инклюзивтік білім беру және тәрбие бөлімінің әдіскері

Туребаева К.Ж. - К.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінің профессоры, педагогика ғылымдарының докторы.

Бұл құралда психикалық дамуы тежелген балалар үшін сенсорика бойынша арнайы түзеу оқу қызметінің бағдарламасы ұсынылған. Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалармен жүргізілетін түзету- педагогикалық жұмысының мазмұны, әдістері мен тәсілдері сипатталған, үлгілік тақырыптық жоспары құрылған.

Құрал арнайы білім беру мекемелеріндегі дефектологтарға, ерекше білім беру қажеттіліктері бар мектеп жасына дейінгі балалармен жұмыс жасайтын тәрбиешілерге арналған.

Түсінік хат

«Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 5 мамырдағы №182 бұйрығы

«Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 12 мамырдағы № 195 бұйрығы «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің м.а 2016 жылғы 12 тамыздағы №499 бұйрығы. Тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Білім және ғылым министрінің 29.12.2018 № 721 бұйрығына сүйеніп отырып келесідей бағдарлама құрылды.

Дефектологиялық топтардағы түзету - тәрбие жұмыстарының сәттілігі қатаң және алдын-ала ойластырылған жүйемен анықталады. Ал, бұл дегенің барлық оқу процесін және балалардың бүкіл іс-әрекеттерін түзету.Бағдарламадағы ұсынылған ойын арқылы балаларды білім алуға, оқуға қызықтыра отырып, тұлғаты дамуын қалыптастыруға болады. Мазмұны бойынша барлық дидактикалық ойындар оқушылардың ақыл – ой белсенділігін қалыптастырудың маңызды құралы бола отырып, олардың бағдарлама материалының негізгі тақырыптары бойынша алған білімдерін тереңдете түседі, әрі пысықтауды көздейді. Бұл ойындар балалардың сабақ үстіндегі жұмысын түрлендіре түседі, олардың пәнге деген қызығушылығын оятып, ынта – ықылас қоюына баулиды және оқушылардың зейінін, ойлау, зерде үрділерін дамытады. Балалақшада балаға білім беріп қана қоймай, оны жалпы дамыту, яғни сөйлеу, оқу, қоршаған орта жөнінде дұрыс көзқарас қалыптастыру, жағдайларды объективті түрде бақылап, талдау жасауға үйрету, ойын дұрыс айтуға, салыстыра білуге дәлелдеуге, сөйлеу мәдениетіне үйретеді.Сондай-ақ, ойын әрекетінің бала психикасының толыққанды, жан-жақты дамуына, олардың сөйлесуіне, құрдастарымен және ересектермен қарым-қатынас жасау тәжірибесіне әсер етуін, оқу әрекетіне қызығушылық тудыруы қажеттілігін де ескерген жөн.

Бағдарламаның мазмұны: Баланың таным қабілетін, білімін жүйелеу, ойын және жаттығулар арқылы байланыстырып сөйлеу тілін дамыту,фонематикалық түсініктерін дамыту,басқа тапсырмаларға логикалық көшу,қызығушылығын арттыру.

Бағдарламаның мақсаты:

- ойын арқылы логикалық ойлай білуге үйрету;
- әрі қарай өз бетімен бейімделуін қалыптастыру;
- ойын және жаттығулар арқылы байланыстырып сөйлеу тілін дамыту.

Міндеттері:

- адамгершілік пен ойлау дағдысын қалыптастыру;
- ойлау мәнеріне ден қою;
- баланы жан-жақты етіп тәрбиелеу;
- таным қабілеттерін дамыту.

Күтілетін нәтиже:

- адамдардың өмір сүру ортасын танып-білу, қоршаған ортадағы барлық түсініктермен танысу, оларға тән айырмашылықтарды ажырата алу.
- айналасына адамгершілікпен және қамқорлықпен қарауға тәрбиелейді.

Келтірілген мысалдар мен қолданылған әдістемелер баланың сөйлеу тілінің дамуың, фонематикалық түсініктерін дамыту

Бағдарламадағы ойындар баланың сөйлеу, есту мүшелеріне , ойлау, зейін, түйсіну,қабілеттеріне тікелей әсер етеді.Ойынның көмегімен бала өз ойын еркін жеткізе алумен қатар , берілген сұрақтарға жауап беруге үйретеді.

Бағдарлама мерзімі мен ұзақтығы: «Таңғажайып әлем» бағдарламасы ересек топ балаларына арнап құрылған.

Тақырыптық жоспар

«Түрлі-түсті шаршы»	Қол моторикасын дамыту, баланың ойлау қабілетін дамыту (ойыншықтарды құрастыру). Түрлі-түсті кубиктерді тізіп, бір-бірінің үстіне қойып үйрету. Түстерді атауға, салыстыруға жаттықтыру; берілген тапсырманы орындауға ынталандыру; достық қарым-қатынастарын тәрбиелеу.	1
«Түстерді бірге үйренейік»	Баланың даму деңгейін, пішін, түс, көлем туралы түсінігін анықтау және логикалық ойлау қабілеттерін дамыту. Балалардың оқу қызметіне қызығушылығын арттыру. Пішінді түсті ажыратып, ұқыпты жұмыс істеуге дағдыландыру.	1
«Үй құрылысының ретін көрсет»	Үй құрастыру арқылы үйдің бір және бірнеше қабатты түрлерімен және олардың бөліктерімен таныстыру, қағаздан үйді құрастыра білуге үйрету және балаларды бірізділікке жұмыс жасай білуге, ұқыптылыққа тәрбиелеу.	1
«Көңілді адамдар»	Адамдардың көңіл күйлерін ажырата білу. Адам дене мүшелерін атап айтуға, қолмен көрсетуге үйрету.	1
«Сиқырлы сандық»	Сандық ішіндегі заттарды санап сезу арқылы ұсақ моторикасын, сезім мүшелерін дамыту. Баланы еңбекқорлыққа, шапшаңдылыққа тәрбиелеу.	
«Күздің әсем гүл шоқтары»	Балалардың күз туралы білімін қалыптастыру. Күзгі табиғат ерекшеліктерімен таныстыру. Көкөністер мен жемістерді ажырата білу. Табиғатқа қамқор болуға, оны аялауға тәрбиелеу.	1
«Жидектер мен саңырауқұлақтар»	Балаларды саңырауқұлақтармен таныстыру (саңырауқұлақтардың түрлері, қайда өсетіні, қасиеттері, ұлы саңырауқұлақтар жеуге жарамдыларынан қалай ерекшеленеді). Саңырауқұлақтардың өсуіне қажетті жағдайларды түсіндіру. Балалардың сөздік қорын байыту (терекқулақ, қайың саңырауқұлақ). Зейін, есте сақтау, ойлау қабілеттерін дамыту. Белсенділік, жауапкершілік, мейірімділік, достық, бірлесу дағдыларын қалыптастыру.	1
«Ыдыс-аяқ дүкені»	Балаларды ыдыс түрлерімен таныстыру. Тамақты төкпей шашпай ішуге, ұқыптылыққа, тазалыққа ептілікке тәрбиелеу.	1
«Ыстық-мұздай»	Балаларды ыстық заттардан мұздай заттарды айыра білуге үйрету. Ыстық заттарды қолмен ұстауға болмайтыны туралы айту. Балаларды мұқият болуға және бір біріне қамқор болуға тәрбиелеу.	1
«Биік-аласа»	Биік-аласа, бір-көп ұғымдармен таныстыру. Жоғары мен төменді бір бірінен ажырата білуге үйрету. Заттардың бір зат және көп зат екенін айыра білуді үйрету. Қоршаған ортадан бір және көп затты таба білуді дамыту. Шыдамдылыққа, қызығушылыққа тәрбиелеу.	1
«Ненің дауысы?»	Жануарлардың, машиналардың дыбыстарын ажырата білуге үйрету. Дыбыстары бойынша нысандарды топтастыру дағдысын бекіту, естіп қабылдау мен зейінін дамыту, таныстыруды жалғастыру; саусақтың ұсақ бұлшық еттерінің қозғалысын жетілдіру.	1
«Адасқан суреттер»	Кесілген суреттерді орналастыруға үйрету. Дене бөліктері туралы түсінік қалыптастыру. Көрнекі қабылдауды, зейінді, ойлауды, есте сақтауды дамыту.	1
«Көліктер»	Қыстағы көліктердің күтімі. Табиғаттағы ауа-райының жағдайларын бақылау дағдыларын жетілдіру. Көліктерге күтім жасау дағдыларын қалыптастыру. Зейін, есте сақтау, ойлау қабілеттерін дамыту. Белсенділік, жауапкершілік, мейірімділік, достық, бірлесу дағдыларын қалыптастыру.	1
«Қатты-жұмсақ»	Балаларға қатты және жұмсақ заттарды сезуге және ажыратуға үйрету. Заттарды топтастыруды үйрету. Заттардың түсі, пішіні, өлшемі бойынша тануға үйрету.	1
«Мұнара құру»	Балаларды құрылыс материалдарымен жұмыс жасауға үйрету, олардың түсін, пішінін, көлемін ажырата алуға дағдыландыру.	1

	мұғалімнің шарты бойынша құрылыс материалдарын кеңістікте дұрыс орналастыра отырып мұнараны құрастыра білуге үйрету.	
«Қош келдің жаңа жыл!»	Баланың ойлау қабілетін тексеру, қызығушылығын ояту. Тапсырмалар беру арқылы балалардың деңгейін анықтау. Қыстың өзіне тән белгілері туралы білімдерін нақтылау және кеңейту. Қыс мезгілі, ерекшеліктері, қысқы мерекелер туралы түсінік беру. Жаңа жыл мерекесінің қалай тойлануын түсінік беру. Көру арқылы ойлау қабілеттерін зерттеу, таным деңгейін тексеру. Балаларды бауырмалдыққа, ұқыпты болуға, татулыққа, өзара сыйластыққа, жанашырлыққа тәрбиелеу.	1
«Қыстың ерекшелігі»	Қыс туралы түсініктерін нақтылау және тереңдету: ауа райы жағдайы, табиғат құбылыстары, өсімдіктердің жай-күйі. Жыл мезгілдерінің бір-бірінен айырмашылығы болатыны туралы білімдерін арттырып, өзара сыйластыққа тәрбиелеу. Балалардың өз сөзімен суреттеп, сөйлей білу қабілеттерін дамыту. Еңбекқорлыққа, табиғатты аялауға, өсімдікті көре білуге, сезінуге тәрбиелеу.	1
Диагностика	Баланың ойлау қабілетін тексеру, қызығушылығын ояту. Баланың білім деңгейін анықтап, деңгейлік тапсырмалар даярлау. Қоршаған ортаға деген көзқарасын анықтау, таным деңгейін тексеру. Балаларды бауырмалдыққа, ұқыпты болуға, татулыққа, өзара сыйластыққа, жанашырлыққа тәрбиелеу.	1
«Менің сүйікті жануарым»	Үй жануарлары туралы түсініктерін жетілдіру. Жалпылау үшін елеулі белгілерін орнатуға үйрету: адамның қолына үйретілген, пайдасын тигізеді, адам оларға қамқорлық жасайды. Зейін, есте сақтау, ойлау қабілеттерін дамыту. Белсенділік, жауапкершілік, мейірімділік, достық, бірлесу дағдыларын қалыптастыру.	1
«Қыстайтын құстар»	Қыстайтын құстар туралы жалпы түсініктерін қалыптастыру, оларды елеулі белгілері бойынша ажыратуға үйрету. Балалардың қыстайтын құстар туралы түсініктерін кеңейту, құстарға қамқор болуға үйрету, табиғатты сүюге, аялай білуге тәрбиелеу. Құстарға деген қамқорлық көзқарасын дамыту. Зейін, есте сақтау, ойлау қабілеттерін дамыту. Құстарды қорғауға, жана-шырлыққа тәрбиелеу. Белсенділік, ұқыптылық, жауапкершілік, мейірімділік, достық, бірлесу дағдыларын қалыптастыру.	1
«Жабайы аңдар әлемінде»	Жабайы аңдармен таныстыру. Жабайы аңдардың атын дұрыс айтуға үйрету. Сөздік қорын байыту, тіл мәдениетін жетілдіру. Жабайы аңдардың кейбір ерекшеліктерін салыстыру, қоректенуі туралы түсінік беру. Аңдардың кейбір ерекшеліктерін салыстыра айтуға, ажыратуға үйрету. Аңдардың өміріне қызығушылық тудыру. Жан-жануарларды қорғауға, қамқор болуға, сүйіспеншілікпен қарауға тәрбиелеу.	1
«Ыдыс-аяқ»	Ыдыс - аяқтар олардың қандай материалдан жасалғандығы туралы ұғымдарын кеңейту, түрлерімен таныстыру. Ыдыстар маңызы, олардың қолданылуы жайлы сипаттап айтып беруге үйрету. Байланыстырып сөйлеуді дамыту. Балаларда танымдық қызығушылықты дамыту. Оларды дұрыс ұстауға, ұқыптылыққа, тазалыққа тәрбиелеу.	1
«Дәм татып көрейік»	Тақырып бойынша иллюстрацияларды қарастыра отырып, адамдардың тамақ өнімдері туралы әңгімелесу. Қыста, суық мезгілде дұрыс тамақтану керектігін түсіндіру. Тамақтардың дәмін сезінуді дамыту. Зейін, есте сақтау, ойлау қабілеттерін дамыту. Белсенділік, ұқыптылық, жауапкершілік, мейірімділік, достық, бірлесу дағдыларын қалыптастыру.	1
«Дымбысынан тап»	Балаларға құстардың жануарлардың даусын ажыратуды үйрету. Зейін, есте сақтау, ойлау қабілеттерін дамыту. Белсенділік,	1

	жауапкершілік, мейірімділік, достық, бірлесу дағдыларын қалыптастыру.	
«Аяқ-киім түрлері»	Аяғымызды судан қорғайтын аяқ киімдер екенін түсіндіру, жыл мезгіліне қарай аяқ киімдер болатынын ажырату. Ұқыптылықпен жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыру. Зейін, есте сақтау, ойлау қабілеттерін дамыту. Ұқыптылыққа, жинақылыққа тәрбиелеу.	1
«Ананың мейрамы»	Аналарына көмектесу керектігін ұғындыру. Балаларды сепкішпен су шашуға, дымқыл жаккышпен өсімдіктердің шанын сүртуге үйрету. Тақырыпқа байланысты әңгіме құрастыруды үйрету, ойлау қабілеті мен тілдерін дамыту. Ананы сыйлап, аялай білуге тәрбиелеу.	1
«Аналарға арналған моншақтар»	Үлгіге сүйене отырып, моншақтарды түсі бойынша кезектестіруге үйрету. Балалардың заттардың саны, сапасы туралы білімдерін бекітуді жалғастыру, "қатты", "жұмсақ" қасиеттерін ажырата білуге және атай білуге үйрету.	1
«Табиғат дауысы»	Дыбыстарды ажырата білуге үйрету. Есту қабілеті мен зейінін дамыту. Таныс заттар мен құбылыстарды олардың дыбыстық сипаттамаларына сәйкес бөлу. Зейінділікке тәрбиелеу.	1
«Халық-өнердің қайнар көзі»	Балаларды көктемнің әртүрімен таныстыру (дала, өзен, орман), көктемнің өсемдігін көрсету. Наурыз туралы түсінік беру. Көктем мезгіліндегі табиғат сұлулығын байқай білуге тәрбиелеу. Наурыз - қазақ халқының жаңа жыл екенін түсіндіру. Білім, білік дағдысын дамыту. Зейін, есте сақтау, ойлау қабілеттерін дамыту. Ұлттық салт - дәстүрлерді құрметтеуге тәрбиелеу.	1
«Көктем келді»	Көктем мезгілімен танысу. Табиғат құбылыстарын, табиғаттағы өсемдікке мән бере бақылауға үйрету, табиғат туралы түсініктерін молайту. Төрт түлік малдың төлдерін атау және оларды қалай шақыру керектігін айту.	1
«Ғарышқа саяхат»	Балалардың табиғаттағы мінез-құлық ережелері туралы білімдерін нақтылау. Табиғатқа және бір-біріне қамқорлық қарым - қатынасқа баулу. Балаларды қоршаған әлемді танудың маңыздылығы туралы түсінік-терін қалыптастыру. Есте сақтау қабілеттерін, ой-өрістерін, зейіндерін, көріп тану қабілеттерін дамыту, дүние-танымдарын кеңейтіп, қиялдарын шарықтату. Табиғат сұлулығын сезінуге, оны қорғауға, батылдыққа, адамгершілікке, ұжыммен бірлесіп әрекет жасауға тәрбиелеу.	1
«Жыл құстары»	Жыл құстары, көктем мезгілінде олардың тіршілігіндегі өзгерістер туралы түсінік беру. Құстар туралы алған түсініктерін нақтылау, сыртқы кейпін (түсі, дене құрылысы, тұмсығы), қоректенуін, қимыл-қозғалысы мен тіршілік әрекетін білу.	1
«Сұйық-қатты»	Су ас ты әлемі туралы білімдерін тереңдету. Дәстүрден тыс бейнелеу әдісін қолдана отырып, ұсақ қол маторикасын жаттықтыру, шығармашылық қабілетін дамыту. Табиғатқа сүйіспеншілікке тәрбиелеу.	1
«Гүлдер бағында»	Гүлдер әлемі туралы білімдерін тереңдету. Дәстүрден тыс бейнелеу әдісін қолдана отырып, ұсақ қол маторикасын жаттықтыру, шығармашылық қабілетін дамыту. Балаларды гүлдің кейбір қасиеттерімен таныстыру. Табиғатқа сүйіспеншілікке тәрбиелеу.	1
«Батырларға тағзым. Менің Қазақстаным!»	Білімділік: Балаларды патриоттыққа тәрбиелеу. Оларды жерін қорғаған қазақ батырларымен таныстыру. Бала бойында рухты көтеру. Патриотизмді, өз еліне деген мақтаныш сезімін дамытуға үлес қосу. Балалардың туған жерін қорғау керек екенін түсіндіру.	1
«Жәндіктермен танысайық»	Балаларға жәндіктер туралы түсінік қалыптастыру. Жәндіктердің түрлерімен таныстыру. Жәндіктер мекендейтін жерлерді көрсету. Бұл зиянсыз тіршілік иесінің қаншалықты пайдалы және табиғатқа қажет екенін түсіндіру. Ой - өрісін, сана - сезімін дамыту. Туған ел, Отан туралы сөйлеу дағдыларын қалыптастыру, сөздік қорын	1

	молайту, есте сақтау қабілеттерін арттыру. Бойында отан сүйгіштік қасиеттерін, өз еліміздің тәуелсіздігін қадірлей білуге, оны өз бетінше қорғай білуге тәрбиелеу.	
«Жайдарлы жаз»	Жаза болатын өзгерістермен таныстыру. Жыл мезгілдерін ажыратуға үйрету. Табиғатқа сүйіспеншілікке тәрбиелеу. Есте сақтау қабілеттерін, ой-өрістерін, зейіндерін, көріп тану қабілеттерін дамыту, дүниетанымдарын кеңейтіп, қиялдарын шарықтату. Табиғат сұлулығын сезінуге, оны қорғауға, батылдыққа, алаңгершілікке, ұжыммен бірлесіп әрекет жасауға тәрбиелеу.	1

Тыныс алу жаттығулары

ТЫНЫС АЛУ ЖАТТЫҒУЛАРЫ

А.Н.Стрельникова. «Қуғындар» - тік тұрып, аяқты қосу, қолды жіберу; қолдарын жанына көтеріп одан кейін денесінің алдына қарай былғалау; демдерін тез шығару.
«Итбалық» - отырып бір қолын ішіне, екінші қолын кеудесіне қою; ішін тартып демін ішке алу, кеудесін төмен түсіріп, ішін жіберіп томпайтып ауаны сыртқа шығару.
«Басын бұру» - түзу тұрып, аяғын нық деңгейінен сәл кішілеу ұстау; басын бір жағына бұрып дыбыспен демін ішке тарту, басын екінші жағына бұрып дыбыспен демін сыртқа шығару.
«Үлкен маятник» - түзу тұрып, аяқтарын нығынан сәл кішілеулетіп қою; ілгері еңкейіп, еденге қарай созу, демін ішке алу; тоқтамастан артқа шалқаю, қолымен нықтарын құшақтау; жаттығулардың арасында демін сыртқа шығару.
«Кеудені бұру» - түзу тұру, аяқ арасы нықтан сәл кеңдеу; қолдары дененің бойымен; денені бұрған сайын дыбыспен; қысқа, демді ішке жұту; жаттығу арасында демді сыртқы шығарады.
«Көкжиек» - түзу тұрып, қолдарын шынтақтан көтеріп, алақанды көрсету; дыбысты қысқа дем алу, демді мұрыннан шығару және саусақтарын жұдырыққа қысу.

1. «Қиярдың нісін ажырат»

Шарты: Қиярдың нісін ніскеу арқылы қандай көкөніс екенін ажырат.



2. «Апельсиннің нісін ажырат»

Шарты: Апельсиннің нісін ніскеу арқылы қандай жеміс екенін ажырат.



3. «Жапырақтарды ұшыр»

Шарты: Мұрынмен терең дем алып, ауызбен дем шығару арқылы кішкентай жапырақтарды үрлеп ұшыру.



4. «Шарды үрлейміз»

Шарты: бала шарды алып, алдымен қатты, сонан соң жаймен үреді.



5. «Терезенің жапқыштарын үрлеп ұшыр»

Шарты: үйдің терезе жапқыштарын балалар жеке-жеке үрлеп ұшырады.



6. «Шәйді суыт»

Шарты: кеселегі шәйді балалар үрлеп суытады. Ондағы шәйдің ыстық екендігі айтып түсіндіріледі. Суытып болған соң оны ішіп, дәміне тамсанады.



7. «Қарды үрлеп ұшыр»

Шарты: балалар ақ қарларды жеке-жеке үрлеп ұшырады. «Қар жаймен жауып тұр» деген кезде жай ұшырады, ал «боран соғып тұр» деген кезде қаттырақ ұшырады. Мұрынмен терең тыныс алып, ауызбен жай дем шығарады..



8. «Жалаушаларды ұшыру, көкке көтеру»

Шарты: түрлі-түсті кішкентай жалаушаларды балалар үрлеп ұшырады..



Саусақ жаттығулары

Саусақ жаттығуы - бұл ұрпақтан ұрпаққа жалғасын тауып келе жатқан әрі үлкен бар мәдени шығармашылық. Саусақ ойыны саусақтардың көмегімен қандай да болмасын ертегіні немесе өлең шумағын сахналау болып табылады. Саусақ ойыны арқылы баланың сөйлеуге деген талпынысы, қабілеті дамып, ынтасы артады және шығармашылық әрекетіне жол ашады. Саусақ ойынын ойнай отырып балалар қоршаған ортадағы заттар мен құбылыстары, жан- жануарларды, құстарды және ағаштарды бейнелей алады. Саусақтарының қозғалысы – қимылына қарап бала қуанады, шаттанады, сөзді айтуға тырысады және өлеңдегі үйренген сөз шумақтарын қайталап айта отырып есінде сақтайтын болады.



Сонымен қатар балалар екі қолын қимылдата отырып оң, сол, жоғары, төмен т.б түсініктерді бағдарлай алуды үйренеді. Тіл кемістігі кездесетін балалардың жалпы қимылдары, соның ішінде саусақ бұлшық етінің қимылдары жеткілікті деңгейде дамиды. Сөйлеу тілі мүшелері әрекетінің қозғалуларының дамуымен тығыз байланыста болғандықтан, бала қолының ептілігін толық жетілдіру, түзету тәрбие жұмысын жүйелі жүргізуді

Саусақ ойыны — бұл ұрпақтан ұрпаққа жалғасын тауып келе жатқан, әрі үлкен мәні бар мәдени шығармашылық.

Саусақ ойыны — саусақтардың көмегімен қандай да болмасын ертегіні немесе өлең-тақпақ шумағын сахналау болып табылады.

Саусақ ойыны арқылы баланың сөйлеуге деген талпынысы, қабілеті дамып, ынтасы артады және шығармашылық әрекетіне жол ашылады. Саусақ ойынын ойнай отырып, балалар қоршаған ортадағы заттар мен құбылыстарды, жан-жануарларды, құстарды және ағаштарды бейнелей алады. Саусақтарының қозғалысы-

қимылына қарап, бала қуанады шаттанады, сөзді айтуға тырысады және өлеңдегі үйренген сөз шумақтарын қайталап айта отырып, есінде сақтайтын болады. Сонымен қатар балалар екі қолын қимылдата отырып, оң, сол, жоғары, төмен т.б. түсініктерді бағдарлай алады үйренеді.

Ал тіл кемістігі кездесетін балалардың жалпы қимылдары, соның ішінде саусақ бұлшық етінің қимылдары жеткілікті деңгейде дамымайды.

Сөйлеу тілі мүшелері әрекетінің қозғалуларының дамуы қол саусақтарының нәзік, қимылдарының дамуымен тығыз байланыста болғандықтан, бала қолының ептілігін толық жетілдіру, тузету — тәрбие жұмысын жүйелі жүргізуді қалайды.

Саусақ ойынын балабақшада және үй жағдайында әсерлі, көңілді түрде ұйымдастыруға болады. Алдымен балаларға саусақ ойыны түсіндіріледі, әр қимылы көрсетіледі

«Саусақтар сәлемдеседі»

Ойынын алайық. Мұнда бас бармақ ұшы әр саусақтың ұшымен кезекпен түйіседі.

«Адамдар келеді». Оң қолдың сұқ саусағы мен ортанғы саусақтарын жүгірген тәрізді етіп қимылдатады. Сонымен бірге халық арасында кеңінен тарап жүрген «қуырмаш» ойыны да саусақтардың нәзік қимылын жетілдіруге бағытталған.

Балалар осындай саусақ ойынын ойнай отырып, өлең шумағын қызыға айтады.

«Моншақ».

Қызыл-сары көк моншақ,

Мен жасаймын көп моншақ.

Мұнда қатар екі қолдың бас бармағымен сақсаусақтарының ұшын түйістіре отырып, моншақ тәрізді бейнелейді, әрі оларлы тізбектеп қатарға тізе бастайды. Қимылмен моншақ пішінін жасайды. Екі қолмен қатар жасай отырып, саусақтарды тізбектейді.

Сонымен қатар қол саусақтары қимылын жетілдіру үшін ұсақ таяқшалардан, жемістістердің дәндерінен, түймелерден әртүрлі бейнелерді тізбектеп жасау балалар үшін өте қызықты әрекет, әрі қол бұлшық етін дамытуға үлкен көмегін тигізеді.

Сонымен саусақ ойындарын жүргізу арқылы балалардың саусақтарының нәзік қимылдары мен бұлшық еттерінің жетілуімен бірге, олардың сөйлеу тілі мен ойлау қабілеттері дамитын болады және кейін жазу шеберлігін ойдағыдай меңгеруіне дайындайды.

Төмендегі көрсетіліп отырылған саусақ ойындарын балалар ақындарының өлең-тақпақтарымен байланыстырып, ұсынуға болады.

«Кім келді?»

Қане, қане кім келді? Біз, біз, біз!

Апа, апа, бұл сіз бе? Иә, иә, иә!

Әке, әке бұл сіз бе? Иә, иә, иә!

Ағатайым, бұл сіз бе? Иә, иә, иә!

Қарындасым, бұл сен бе? Иә, иә, иә!

Біздер тату жанұя Иә, иә, иә!

Орындалуы:

1. Екі қолдың басбармақтарының ұштарын соғады.
2. Екі қолдағы басбармақтарды қосып ұстап, қалған саусақ ұштарын бір мезгілде соғады.
3. Екі қолдың басбармақтарының ұштарын соғады.
4. Сұқ саусақтардың ұштарын соғады.
5. Екі қолдың басбармақтарының ұштарын соғады.
6. Ортанғы саусақтардың ұштарын соғады.
7. Екі қолдың басбармақтарының ұштарын соғады.
8. Аты жоқ саусақтардың (шылдыр шүмек) ұштарын соғады.
9. Екі қолдың басбармақтарының ұштарын соғады.

10. Кішкене саусақтардың ұштарын
соғады.

11. Барлық саусақтардың
ұшымен бірге соғады.

12. Алақандарымен
шапалақтайды.

Ойын.

«Қолтырауын»

Қолтыруын қонақ күтуде

Тістері тура шегедей

-Бұл жерден қой өтпеді ме?

Деп сұрадым ойын білмекке

Ал ол болса тымпынып жатыр

Көзін қысып қылпынып жатыр

Орындалуы:

1. Екі қолдың саусақтарын түйіп қайта ашып қалады.

2. Саусақтарын ашқан күйі оң алақанды сол алақанның үстіне беттестіре саусақтарды сәл дөңгелете «қолтырауынның аузын ашқан сияқты» ашып-жабады.

3. Қолдарды төмен бос тастап, нықты жоғары көтереді.

4. Алақандарын бір-біріне ысқылайды.

5. Көздерін қысады.

Ойын. «Үкі»

Орманда қараңғы

Бәрі-бәрі ұйқыда

Үкі ғана ұйықтамапты

Маңғазданып отыр қатты

Әрі-бері отырды да

Қараңғыға қанат қақты.

Орындалуы:

1. Екі қолдың білезіктерін біріктіре саусақтарды жан-жаққа ашады. («Орман»)

2. Алақандарын беттестіре жақтарына таянып «ұйқыға кетеді».

3. Бас бармақ пен сұқ саусақтың біріктіре дөңгелентіп көздеріне қояды («үкінің көздері»).

4. Қолдарын артқа жинап, кеуделерін көтереді («маңғаз үкі»).

5. Қолдарын жан-жаққа жая ұшып, басқа орынға
ауысады.

Қолға, алып шарды,

Үрлеймін мен былай.

Уф-ф-ф,

Үрлеймін деп қатты,

Жарып алдым шарды.

Қорытынды.

Дефектолог маманы жыл соңында осы жастағы балаларда келесі қасиеттердің дамуына
ықпал етеді:

Мектеп жасына дейінгі балаларда танымдық қабілеттері мен сөйлеу тілін дамыту
жұмыстарының өзектілігі қазіргі шындықпен байланысты. Біз тез өзгеретін әлемде,
ақпарат, компьютерлер, спутниктік теледидар, ұялы байланыс, интернет дәуірінде өмір
сүріп жатырмыз. Ақпараттық технологиялар бізге жаңа мүмкіндіктер береді. Біздің бүгінгі
тәрбиеленушілерімізді қызықты болашақ күтіп тұр. Олар сәтті болуы үшін, үнемі өсіп келе
жатқан ақпарат ағынына шебер бағдарлану үшін оларды ақпаратты оңай және тез

кабылдауға, оны талдауға, жанасын игеруде қолдануға, әртүрлі жағдайларда ерекше шешімдер табуға үйрету керек. Білім беруді дамытудың заманауи тенденцияларына сәйкес біз балабақшадан білім беру процесіне қызығушылық танытатын, белсенді, белсенді, қызығушылық танытатын, зияткерлік және жеке мәселелерді шеше алатын, сонымен қатар оқу іс – әрекетінің әмбебап алғышарттарын ережеге сәйкес жұмыс істей алатын адамды босатуымыз керек. Тәрбиеленуші алғашқы ұйымдастырылған оқу іс-әрекеттерінен бастап қиындықтарға тап болмас үшін және нөлден үйренудің қажеті жоқ, қазірдің өзінде мектепке дейінгі кезеңде баланы тиісті түрде дайындау керек.

Сөйлеу тіліндегі сауаттылық, дамыған логикалық ойлау-бұл балабақша түлегін мектепте сәтті оқытудың кепілі.

Бағдарламаның мазмұны 4-5-6 жастағы балалардың логикалық ойлаудың маңызды дағдыларын - "ақыл-ойда әрекет ету" қабілетін игеруге, сөздік қорын дамытуға бағытталған. Адамдардың өмір сүру ортасын танып-білу, қоршаған ортадағы барлық түсініктермен танысу, оларға тән айырмашылықтарды ажырата алуға, айналасына адамгершілікпен және қамқорлықпен қарауға тәрбиелейді.

Келтірілген мысалдар мен қолданылған әдістемелер баланың сөйлеу тілінің дамуын, фонематикалық түсініктерін дамытуға бағытталған.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасының заңы «Білім туралы» 2007 жыл 27 шілде №319-III.
2. Тиісті үлгідегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы (30 қазан 2018 №595)
3. «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» (5 мамыр 2020 №182)
4. Мемлекет Басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауы
5. Қазақстан Республикасының заңы «Педагог мәртебесі туралы» 2019 жылғы 27 желтоқсандағы №293-VI.
6. Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы 2002 жылғы 8 тамыздағы №345-II.
7. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МЕКТЕПKE ДЕЙІНГІ ҰЙЫМДАРЫНДА 2019-2020 ОҚУ ЖЫЛЫНДА ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІН ҰЙЫМДАСТЫРУ ТУРАЛЫ ӘДІСТЕМЕЛІК НҮСҚАУ ХАТ
8. Коржова Г.М., Байтурсынова А.А. История специального образования в Республике Казахстан. - Учебное пособие. - Алматы: КазНПУ им. Абая, 2003.
9. Выготский Л.С. Основы дефектологии. – М., 2003.



«Казан» коммуналдык

А.О.Сейтова

2025-2026 оқу жылы

Психикалық дамуы тежелген арнайы түзетім оқу қызметінің қоршаған әлеммен таныстыру және сөйлеуді дамыту бойынша «Бізді қоршаған әлемнің қызықтары» атты ересек жастағы балалар үшін жұмыс бағдарламасы

Дефектолог: Төрөкешова Ш.Е

Ақтөбе, 2025 жыл.

«Ақтөбе облыстық «Нектар» арнайы балабақшасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің әдістемелік кеңесінде қаралып және бекітілді.

Авторлары – құрастырушылар:

Сентова Асия Орынбасаровна – «Ақтөбе облыстық «Нектар» арнайы балабақшасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің меңгерушісі

Төректешова Шолпан Ерболқызы – «Ақтөбе облыстық «Нектар» арнайы балабақшасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің дефектолог маманы

Пікір берушілер:

Н.Ж. Жалғас - Ақтөбе облыстық ғылыми – тәжірибелік орталығының инклюзивтік білім беру және тәрбие бөлімінің әдіскері

Түребаева К.Ж. - Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінің профессоры, педагогика ғылымдарының докторы.

Бұл құралда психикалық дамуы тежелген балаларды қоршаған ортамен танысу бойынша арнайы түзеу оқу қызметінің бағдарламасы ұсынылған. Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалармен жүргізілетін түзету- педагогикалық жұмысының мазмұны, әдістері мен тәсілдері сипатталған, үлгілік тақырыптық жоспары құрылған.

Құрал арнайы білім беру мекемелеріндегі дефектологтарға, ерекше білім беру қажеттіліктері бар мектеп жасына дейінгі балалармен жұмыс жасайтын тәрбиешілерге арналған.

Түсінік хат

«Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 5 мамырдағы №182 бұйрығы

«Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 12 мамырдағы № 195 бұйрығы «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 12 тамыздағы №499 бұйрығы. Тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Білім және ғылым министрінің 29.12.2018 № 721 бұйрығына сүйене отырып келесідей бағдарлама құрылды.

Дефектологиялық топтардағы түзету - тәрбие жұмыстарының сәттілігі қатаң және алдын-ала ойластырылған жүйемен анықталады. Ал, бұл дегенің барлық оқу процесін және балалардың бүкіл іс-әрекеттерін түзету.Бағдарламадағы ұсынылған ойын арқылы балалардың қоршаған орта туралы білімін қалыптастыруға, білім алуға, оқуға қызықтыра отырып, тұлғалы дамуын қалыптастыруға болады. Бұл ойындар балалардың сабақ үстіндегі жұмысын түрлендіре түседі, олардың пәнге деген қызығушылығын оятып, ынта – ықылас қояуына баулиды және оқушылардың зейінін, ойлау, зерде үрділерін дамытады. Балалақшада балаға білім беріп қана қоймай, оны жалпы дамыту, яғни сөйлеу, оқу, қоршаған орта жөнінде дұрыс көзқарас қалыптастыру, жағдайларды объективті түрде бақылап, талдау жасауға үйрету, ойын дұрыс айтуға, салыстыра білуге дәлелдеуге, сөйлеу мәдениетіне үйретеді.Мектепалды мекемелердегі тәрбиеленуші балалардың тілдік дамымауындағы қиындықтарды сәтті жеңудің тәсілі, ол балаларға қойылатын талаптардың бірлігімен педагогикалық ұжым жұмысының тығыз байланысының сабақтастығы. Соңдай-ақ, ойын әрекетінің бала психикасының толыққанды, жан-жақты дамуына, олардың сөйлесуіне, құрдастарымен және ересектермен қарым-қатынас жасау тәжірибесіне әсер етуін, оқу әрекетіне қызығушылық тудыруы қажеттілігін де ескерген жөн.

Бағдарламаның мазмұны: Баланың таным қабілетін, білімін жүйелеу, ойын және жаттығулар арқылы байланыстырып сөйлеу тілін дамыту,фонематикалық түсініктерін дамыту,басқа тапсырмаларға логикалық көшу,қызығушылығын арттыру,қоршаған орта туралы білімін қалыптастыру.

Бағдарламаның мақсаты:

- ойын арқылы логикалық ойлай білуге үйрету;
- әрі қарай өз бетімен бейімделуін қалыптастыру;
- ойын және жаттығулар арқылы байланыстырып сөйлеу тілін дамыту.

Міндеттері:

- адамгершілік пен ойлау дағдысын қалыптастыру;
- ойлау мәнеріне ден қою;
- баланы жан-жақты етіп тәрбиелеу;
- таным қабілеттерін дамыту.

Күтілетін нәтиже:

- адамдардың өмір сүру ортасын танып-білу, қоршаған ортадағы барлық түсініктермен танысу, оларға тән айырмашылықтарды ажырата алу.
- айналасына адамгершілікпен және қамқорлықпен қарауға тәрбиелейді.

Келтірілген мысалдар мен қолданылған әдістемелер баланың сөйлеу тілінің дамуын, фонематикалық түсініктерін дамыту

Бағдарламадағы ойындар баланың сөйлеу, есту мүшелеріне , ойлау, зейін, түйсіну,қабілеттеріне тікелей әсер етеді.Ойынның көмегімен бала өз ойын еркін жеткізе алумен қатар , берілген сұрақтарға жауап беруге үйретеді.

Бағдарлама мерзімі мен ұзақтығы: «Бізді қоршаған ортаның қызықтары» бағдарламасы ересек топ балаларына арнап құрылған.

Тақырыптық жоспар

Бұл қай мамандық иесі?	1.«Балабақша» тақырыбы бойынша сөз қорын белсенділеу және кеңейту.Фонематикалық түсініктерін дамыту. Байланыстырып сөйлеу тілін дамыту.Сөйлеу тілін есту,көріп қабылдау,зейін,ұсақ және жалпы моториканы дамыту 2.Ересек адамдар еңбегінің маңызы мен қажеттілігі туралы түсініктерін бекіту.Балабақша қызметкерлерінің мамандықтары туралы түсініктерін анықтау және кеңейту.Берілген мамандық иесінің рөлін сомдау. 3.Ынтымақтастық,өзара түсіністік ,мейірімділік,жауапкершілік,бастамашылдық дағдыларын қалыптастыру.	1
Отбасы мүшелері	1.Балалардың отбасы деген бір үйде бірге тұратын адамдар тобы деген түсінігін қалыптастыру,өз отбасы ,ата-анасының мамандығы туралы түсінігін бекіту,отбасы мүшелерінің туыстық қатынас атауларын анықтай білуге үйрету,сұрақтарға толық жауап беруге үйрету. 2.Сурет арқылы отбасы туралы қысқаша сипаттау мәтінін құрастыру білігін дамыту,байланыстырып сөйлеу тілін жетілдіру,тақырып бойынша сөздік қорын толықтыру,Фонематикалық түсініктерін дамыту. Зейін,артикуляциялық,ұсақ және жалпы моториканы дамыту. 3.Өз отбасына сүйіспеншілікке,өз отбасын мақтан етуге тәрбиелеу.Ынтымақтастыққа,мейірімділікке дағдыларын қалыптастыру.	1
Жасырын ойыншықты тап	1.Ойыншықтар туралы түсініктерін кеңейту және анықтау. «Ойыншықтар» тақырыбы бойынша сөздік қорларын кеңейту және жүйелеу,оларды қолдану. 2.Байланыстырып сөйлеу тілін және зейінін дамыту.Фонематикалық түсініктерін дамыту.Сөзді буынға бөлу дағдысын жетілдіру. Сөйлеу тілін есту,көріп қабылдау және зейін,ұсақ және жалпы моториканы дамыту .Сөйлеу тілін қимыл –қозғалыспен үйлестіру. 3.Ынтымақтастық,өзара түсіністік ,мейірімділік,жауапкершілік,бастамашылдық дағдыларын қалыптастыру	1
Сары күз!	Күз мезгілінде табиғатта болатын өзгерістер туралы балалардың түсініктерін қалыптастыру. Тақырып бойынша сөздік қорын белсенділеу, кеңейту, нақтылау.	1

Ағаш жапырақтарын санайық	Табиғаттағы тіршілік, көктемгі ағаштар туралы білімдерін кеңейту Дымбысқа еліктеу, музыкалық аспаптар, шикмлдауын ойыншықтарды қолданумен түрлі қаттылықтағы (қатты-ақырын), жоғарылықтағы (жоғары-төмен) дымбыстарды қабылдау кезіндегі есту зейінің дамыту; Табиғаттың әсемдігін, сұлулығын, көре, сезе білуге тәрбиелеу.	1
Құстармен танысайық!	1.Үй құстары туралы білімдерін жетілдіру. Байланыстырып сөйлеу тілін дамыту. Тақырып бойынша балалардың білімдерін нақтылау. 2.Үй құстарының сыртқы түрі туралы білімдерін кеңейту. 3. Үй құстарын қорғап, қамқорлық жасауға үйрету.	1
Шымыр болып өсейік!	1.Балаларды салауатты өмір сүруге қызығушылығын арттыру.Балалардың спортқа деген құштарлығын дамыту,батылдыққа,ептілікке,шапшаңдыққа және қызыға ойнауға баулу.Денсаулық туралы білімдерін жетілдіру. 2.Өз дене мүшелері туралы білу.Олардың маңыздылығын білу. Тақырып бойынша балалардың білімдерін нақтылау, фонематикалық қабылдауын дамыту. 3.Денсаулықты күтуге тәрбиелеу.	1
Үйдегі жиһаздар	Үй жиһаздары туралы айта отырып олардың қажеттілігі жайлы білім беру. Балаларды жиһаздар қалай, қандай материалдан жасалатынын және олардың қажеттілігі туралы айтып түсіндіру және тіл байлықтарын дамыту. "Үстінде", "астында", "ішінде"ұғымдарымен таныстыру. Жиһаздарға ұқыпты болуға оларды сындырмауға тәрбиелеу.	1
Бағдаршам	1. Көлік жайлы білімдерін қалыптастыру, аттарын, түрлерін ажыратуға үйрету. 2. Балалардың сөйлеу, ойлау, есте сақтау қабілеттерін дамыту, сөздік қорларын молайту. 3. Әдептілікке, мейірімділікке, жолда жүру тәртібін сақтауға тәрбиелеу	1

	Жапырақтардың түсінің өзгеруі, жемістердің пісуі туралы және ой-өрісін дамыта отырып, есте сақтауын дамыту. Адамдардың күзгі еңбегі туралы түсінік беру. Өсімдіктерді күтіп-баптауға және табиғатқа қамқорлықпен қарауға тәрбиелеу.	
Жемістерден не дайындаймыз?	1. Жемістер туралы түсініктерін бекіту. «Жемістер» тақырыбы бойынша сөздік қорын белсенділеу, кеңейту, нақтылау. 2. Сурет бойынша «Жемістер» туралы сипаттау мәтінін құрастырып айту, байланыстырып сөйлеу тілін дамыту. Фонематикалық қабылдауың, есту, көру дағдыларын дамыту. Қоршаған ортадағы түрлі заттарды сипаттау үшін қажетті заттардың атауың, әрекетің, сипаттамасың қолдана алуды дамыту; Сөйлеу тілін қимыл-қозғалыспен үйлестіруді дамыту. 3. Үлкендердің еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу.	1
Көкөністерді жинайық	Көкөністерді бір-бірінен айыруға, олардың түстері, жинап алатын мезгілін білуге үйрету. Көкөністердің пайдасы туралы әңгімелеу. «Көкөністер» тақырыбы бойынша сөздік қорын белсенділеу, кеңейту. Сурет бойынша «Көкөністер» туралы сипаттау мәтінін құрастырып айту, байланыстырып сөйлеу тілін дамыту. Фонематикалық қабылдауың, ойлау, ұсақ моторикасың, көрнекі – бейнелік гнозисін дамыту.	1
Жидектер мен саңырауқұлақтарды тереміз!	«Жидектер» және «Саңырауқұлақтар» тақырыбы бойынша сөздік қорларын молайту және олардың түлерімен танысу. Жидектер туралы және олардың ерекшеліктері туралы жалпы түсініктерін қалыптастыру. Сөйлеу тілін жетілдіру. Жеуге болатын саңырауқұлақ түрлеріне тоқталу. Жинақтап айту, салыстырып айту білігін жетілдіру. Зейін, есте сақтау, ойлау қабілеттерін дамыту. Белсенділік, жауапкершілік, мейірімділік, достық, бірлесу дағдыларын қалыптастыру.	1
Ас атасы-нан!	Нанның маңыздылығын, оның дастарханға үлкен еңбек нәтижесінде келетінін түсіндіру. Ас атасы нан туралы түсініктерін бекіту. Мақал-мәтелдерді, тыйым сөздерді, тақпақты пайдалана отырып, балалардың сөздік қорың, тіл байлығың дамыту. Нанды қастерлеуге және диқаннар еңбегін бағалай білуге тәрбиелеу. Баланың бақылағыштығын, қиялын дамыту.	1

Мамандық иесін көрсет	1.Мамандықтар туралы түсініктерін толықтыру.Мамандық атауларын ,әр мамандық иесінің атқаратын қызметі,мамандыққа тән ерекшеліктерімен таныстыру. 2.Тақырып бойынша сөздік қорын дамыту.Сөйлеу тілінің грамматикалық қатарын жетілдіру.Фонематикалық түсініктерін қалыптастыру. 3 Үлкендердің еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу.	1
Тәуелсіздік - тұмарым, Мәңгілік ел - тұрағым	1.Тәуелсіздікке қол жеткізген Қазақстан туралы балаларға ұғындыру.Мемлекеттік рәміздер туралы түсініктерін қалыптастыру. 2. Зейін, есте сақтау, ойлау қабілеттерін дамыту.Тілдерінің дамуына ықпал ету. 3.Патриоттық, отаншылдық сезімін ояту,елін, жерін, құрметтеуге тәрбиелеу.	1
Көңілді жаңа жыл!	1.Жаңа жыл мерекесі туралы түсініктерін толықтыру.Тақырып бойынша сөздік қорын дамыту. 2.Жыл мезгілдерін ажырата білу. 3. Қыс және оның белгілері туралы туралы түсініктерін бекіту.Тақырып бойынша сөздік қорларын анықтау,кеңейту,белсендендіру.	1
Сиқырлы қыс!	1.Қыс және оның белгілері туралы туралы түсініктерін бекіту.Тақырып бойынша сөздік қорларын анықтау,кеңейту,белсендендіру.Фонематикалық есту және қабылдауын дамыту. 2.Сөзді байланыстырып сөйлеу тілін,ұсақ қол моторикасын дамыту.Сөйлем туралы түсініктерін бекіту . 3.Ойын,оқу іс-әрекеттері туралы түсініктерін қалыптастыру және сабақ барысында кішіпейіл болуға тәрбиелеу	1
Төлін бірге табайық!	1.Балалардың үй жануарлары туралы түсініктерін кеңейту,терендету. 2.Байланыстырып сөйлеу тілін ,зейінің,фонематикалық қабылдауын,жалпы және ұсақ моториканы дамыту. 3.Үй жануарларына сүйіспеншілік ,қамқорлыққа тәрбиелеу.Сөздің буындық және дыбыстық құрылымы туралы білімдерін жетілдіру.	1

«Қандай құстар жасырынған?»	1.Қыстап қалатын құстар,олардың тіршілігі туралы түсініктерін жетілдіру. Тақырып бойынша сөздік қорларын, анықтау,кеңейту, белсенділеу,сұраққа толық жауап беруге үйрету. 2.Көріп қабылдау және зейінін,фонематикалық қабылдауын дамыту.Жұмбақтар шешіп үйрену.Сипаттап айтуға,рөлдік дағдыларын қалыптастыру. 3. Ойын,оқу іс-әрекеттері туралы түсініктерін қалыптастыру және сабақ барысында кішіпейіл болуға тәрбиелеу	1
«Ненің мекені»	1.Жабайы жануарлар,олардың сыртқы түрі,қыс мезгіліндегі тіршілігі туралы түсініктерін бекіту. 2.Салыстырып айтуға ,сипаттауға үйрету.Ойлау және есте сақтау қабілеттерін дамыту.Сөзге дыбыстық талдау жасау және буынға бөлу дағдыларын жетілдіру. 3. Ұқыптылыққа,еңбек сүйгіштікке, анық сөйлеуге тәрбиелеу.	1
«Сиқырлы дорба»	1.Ыдыстар оны пайдалану,бөлшектері,жасалған материалы туралы түсініктерін кеңейту және анықтау. 2. Байланыстырып сөйлеу тілін ,көріп қабылдау және зейінін дамыту.Жұмбақтар шешіп ,жаңылтпаштар айтып үйрену. 3. Шыншылдыққа,адамгершілікке тәрбиелеу.	1
Дүкенші болып ойнайық	1.Азық-түліктер және олардың маңызы туралы түсініктерін кеңейту. 2.Ұсақ қол моторикасын,ойлауын,қабылдауын жетілдіру. 3. Жауапкершілік,белсенділік, мейірімділік,бірлесу дағдыларын қалыптастыру.	1
Сөзді аяқта	1.Электрлі құралдар және оларды пайдалану,қауіпсіздік ережелері туралы білімдерін жетілдіру. 2. Ұсақ моториканы,зейінің дамыту. 3. Ұқыптылыққа,еңбек сүйгіштікке, анық сөйлеуге тәрбиелеу.	1
Адаққан аяқ киімдер	1.Аяқкиім және оның бөліктері,жасалған материалы,оны қолдану және күтім жасау туралы түсініктерін жетілдіру. 2.Сөздік қорын жаңа сөздермен толықтыру . Байланыстырып сөйлеу тілдерін,ұсақ моториканы дамыту. 3.Шыншылдыққа,адамгершілікке,ұқыптылыққа,еңбек сүйгіштікке, анық сөйлеуге тәрбиелеу.	1

Анамның мейрамы құтты болсын!	1. Ана және ананы құрметтеу туралы түсініктерін жетілдіру. Аналардың қоғамдағы маңызды рөлі туралы түсінік беру. Ана туралы мақал-мәтелдер жаттау. 2. Байланыстырып сөйлеу тілдерін, фонематикалық түсініктерін дамыту. Сурет бойынша әңгіме құрап айтуға, сұрақтарға толық жауап беруге үйрету. 3. Жауапкершілік, белсенділік, мейірімділік, бірлесу дағдыларын қалыптастыру.	1
Ертегілер еліне саяхат жасайық!	1. «Жеті лақ» ертегісімен таныстыру. Ертегі тыңдауға және түсіну, есіне сақтау дағдыларын дамыту. Байланыстырып сөйлеу тілін дамыту. Сөйлеу тілінің грамматикалық қатарын жетілдіру. Рөлде ойнау біліктерін қалыптастыру 2. Жауапкершілік, белсенділік, мейірімділік, бірлесу дағдыларын қалыптастыру.	1
Киімдерді топтастыр!	1. Киім және түрлері, бөліктері, тігілген материалдары туралы түсініктерін толықтыру. Тақырып бойынша сөз қорларын анықтау және толықтыру. Жалпы моториканы дамыту. 2. Ойын, оқу іс-әрекеттері туралы түсініктерін қалыптастыру және сабақ барысында кішіпейіл болуға тәрбиелеу	1
Қазақтың ұлттық мейрамы-Әз Наурыз!	1. Наурыз мерекесі туралы түсініктерін толықтыру, кеңейту. Сурет бойынша әңгімелеу, сөйлемдер құрап айту дағдыларын дамыту. 2. Наурыз мейрамындағы ұлттық тағамдармен таныстыру. жетілдіру. Саусақ моторикасын дамыту 3. Шыншылдыққа, адамгершілікке тәрбиелеу.	1
Қош келдің көктем!	Көктем мезгілін сипаттау, балаларды табиғат тамашаларымен таныстыру. Табиғат ерекшеліктері мен өзгерістерін бақылау арқылы тілдерін дамыту, табиғатты аялауға, табиғаттың әсемдігін, сұлулығын көре, сезе білуге тәрбиелеу.	1
Ғарыш әлеміне саяхаттаймыз!	1. Ғарыш және ғарышты адамдардың игеруі, ғарышкер мамандығы туралы түсініктерін қалыптастыру.» «Ғарыш тақырыбы» бойынша сөз қорын кеңейту, толықтыру, дамыту. 2. Тілдік қарым-қатынас дағдыларын, байланыстырып сөйлеу тілін, көріп қабылдау және зейінін, шығармашылық қиялын дамыту. Сұраққа толық жауап беру дағдыларын дамыту. 3. Шыншылдыққа, адамгершілікке тәрбиелеу.	1
Сөзді аяқта!	1. Жыл құстары, олардың сыртқы түрі, тіршілік ету ерекшеліктері, дене бөліктері туралы түсініктерін	1

	бекіту.Тақырып бойынша сөздік қорын кеңейту,белсенділеу,толықтыру. 2.Сөйлеу тілінің грамматикалық қатарын жетілдіру жұмысын жалғастыру.Фонематикалық есту және қабылдауын дамыту 3. Ұқыптылыққа,еңбек сүйгіштікке, анық сөйлеуге тәрбиелеу.	
Су астындағы тіршілік иелерімен танысайық!	1.Теніз және теңіздегі тіршілік иелерінің атауы , олардың тіршілік ету әрекеті,сыртқы түрі туралы түсінік беру. Тақырып бойынша сөздік қорын кеңейту,белсенділеу,толықтыру. 2.Сөйлеу тілінің грамматикалық қатарын жетілдіру жұмысын жалғастыру.Фонематикалық есту және қабылдауын дамыту.Ойлау, есте сақтау қабілеттерің,зейінін дамыту. 3. Ұқыптылыққа,еңбек сүйгіштікке, анық сөйлеуге тәрбиелеу.	1
Гүл салайық!	1.Жалпы және ұсақ қол моторикасын қалыптастыру.Тақырып бойынша сөз қорларын кеңейту және анықтау. 2.Тілдік естуін ,ойлау,жалпы тілдік дағдыларын,диалогтік сөйлеу тілін дамыту 3. Ойын,оқу іс-әрекеттері туралы түсініктерін қалыптастыру және сабақ барысында кішіпейіл болуға тәрбиелеу	1
Батырларға тағзым. Мен еліммен мақтанамын!	1.Өз еліне, жеріне деген патриоттық сезімін ояту арқылы егеменді еліміздің ертеңгі иелерін тәуелсіздік туралы мәлімет бере отырып тәрбиелеу. Туған жерге деген сүйіспеншілік сезімдерін дамыту. 2. Балалар сөздігін молайту, байланыстыра сөйлеуді қалыптастыру. Балалардың Отан туралы түсініктерін кеңейту. 3.Бірлесу,мейірімділік,белсенділік ,жауапкершілік,өзара түсінісушілік дағдыларын қалыптастыру	1
Жәндіктерді табайық!	1.Тақырып бойынша сөздік қорын толықтыру дамыту. Жәндіктер олардың тіршілік ерекшеліктері, сыртқы түрі мекен ортасы ,атаулары туралы білімдерін толықтыру. 2.Диалогтік сөйлеу,фонематикалық қабылдау,ойлау,ұсақ моторика және жалпы моториканы дамыту,сөйлеуді қимыл-қозғалыспен үйлестіру.	1

	3.Бірлесу,мейірімділік,белсенділік,жауапкершілік,өзара түсінісушілік дағдыларын қалыптастыру	
Жайма шуақ Жаз!	1.Жыл мезгілдерін ажыратуға үйрету.Тақырып бойынша сөз қорларын кеңейту және анықтау. Жаз мезгілі және оның белгілері туралы түсініктерін бекіту. 2.Зейін,есте сақтау,ойлау қабілеттерін дамыту. Ойлау,есте сақтау қабілеттерін,зейінін және фонематикалық түсініктерін дамыту 3. Ойын,оқу іс-әрекеттері туралы түсініктерін қалыптастыру және сабақ барысында кішіпейіл болуға тәрбиелеу	I

Сюжеттік-рөлдік ойындар

«Отбасы»

Мақсаты: Балалардың отбасы және отбасы мүшелерінің міндеттері туралы түсініктерін қалыптастыру. Ойынға деген қызығушылығын тудыру. Балаларды рөлдерді бөліп алуға, өзіне тиесілі рөлді дұрыс сомдауға және оқиға желісін одан ары өрбітуге дағдыландыру. Балалардың бойында шығармашылықты дамыту. Отбасы мүшелері мен олардың еңбегін бағалауға және сүйеге тәрбиелеу.

Ойынға қажетті құралдар: жиһаздар, ыдыс-аяқ, ірі конструктор, ойыншық машина, қуыршақ – шакалак, ойыншық коляска, сомке, түрлі заттар.

Алдын-ала жұмыстар: Әңгіме: «Менің отбасым», «Мен анама қалай көмектесемін», «Кім, қандай жұмыс жасайды?» «Үйде немен айналысамыз?» Тақырыпқа сай сюжеттік суреттерді қарау.

Ойналатын рөлдер: ана, әке, әже, ата, үлкен қыз, мектепке дейінгі жастағы балалар, қуыршақ – шакалак.

Ойналатын сюжеттер:

«Отбасындағы таңертеңгілік мезгіл»

«Отбасындағы түс мезгілі»

«Құрылыс»

«Әкем тамаша үй иесі»

«Біздің отбасымызда нәресте бар»

«Отбасындағы кешкі мезгіл»

«Анасы балаларын ұйқыға жатқытуда»

«Отбасындағы демалыс күні»

«Отбасында бала ауырып қалғанда»

«Анамызға кір жууға көмектесеміз», «Үй тазалау»

«Бізге қонақтар келді»

«Жаңа үйге қоныс аудару»

«Отбасындағы мерекелер: аналар күні, туған күн, жаңа жыл»



Ойын іс-әрекеттері:

Ананың рөлін сомдаушы кіші қызын балабақшаға шығарып салады, әкелерін жұмысқа шығарып салады; кішкентай нәрестеге қарайды, нәрестемен серуендейді, үй жинайды, тамақ әзірлейді; баланы балабақшадан күтіп алады, әкесін жұмыстан; тамақтарын береді, оларды ұйқыға жатқызады.

Әке құрылысшы жұмысқа жиналады, баланы балабақшаға апарады, жұмысқа барады; үй тұрғызады, көпірлер соғады; үйіне оралады, баланы балабақшадан алады, әйеліне үй ісіне көмектеседі, балалармен ойнайды, әңгімелеседі.

Әке жүргізушісі жұмысқа жиналады, баланы балабақшаға апарады, жұмысқа барады; кірпіштерді құрылыс орнына жеткізеді, оларды түсіріп, ждңасын алып келеді; баланы балабақшадан алады, үйіне оралады; әйеліне үй ісіне көмектеседі; көршілерін шайға қонаққа шақырады; көршілерін шығарып салады; балалармен әңгімелеседі, ойнайды, ұйқыға жатқызады.

Әжесі немерелерін балабақша мен мектепке шығарып салады; үй тазалайды; үлкен немересін көмекке шақырады; немересін балабақшадан алады, тәрбиешіден немересі туралы сұрайды; тамақ әзірлейді, бәліш пісіреді; отбасы мүшелерінен күнді қалай өткізгендіктері туралы сұрайды; бәрін бәлішпен силайды; немерелерімен ойнайды; кеңестер береді.

Атасы әжесіне көмектеседі, әкеге көмектеседі, газет-журналдар оқиды; немерелерімен ойнайды, көршілерімен әңгімелеседі.

Үлкен қыз әжесіне үй істеріне көмектеседі, ыдыс жуады, үй тазалайды, киім үтіктейді; кіші сіңілісі мен серуендейді, ойнайды.

Мектеп жасына дейінгі балалар ұйқыдан тұрып, киімдерін киіп, балабақшаға жиналады;

балабақшада сурет салады, ойнайды, жазу жазады; балабақшадан үйге оралады, ойнайды, ата-аналарына көмектеседі, ұйқыға жатады.



«Балабақша»

Мақсаты: Балалардың балабақша және оның қызметкерлері туралы түсініктерін кеңейту. Үлкендерге еліктеу сезімін қалыптастыру. Ойын барысында достық қарым-қатынастарды дамыту.



Ойынға қажетті құралдар: Киім-кешектері бар қуыршақтар, жиһаздар, ыдыс-аяқтар, ұсақ ойыншықтар, швабра, шелек, халаттар, кір жуғыш машина, кір жуғыш, киім ілетін сым, үтік тақтайшасы, үтіктер, плита, аспазшының құралдары, азық-түлік, шансорғыш, музыканттың құралдары.

Алдын-ала жүргізілетін жұмыстар: Тәрбиеші мен оның көмекшісінің іс-әрекеттерін бақылау. Балалармен балабақша қызметкерлері, жұмысшылары жөнінде, тәрбиеші, оның көмекшісі, аспазшы, медбике, бағбан, кір жуушы туралы әңгімелесу. Музыка залы мен спорт залға және медбике бөлмесіне саяхат ұйымдастыру, ондағы жетекшілердің іс-әрекеттерін бақылау. Асханаға саяхат ұйымдастыру, аспазшының еңбегімен таныстыру.

Ойналатын рөлдер: Дәрігер, медбике, тәрбиеші, музыка жетекшісі, дене тәрбиесі мұғалімі, тәрбиеші көмекшісі, аспазшы, кір жуушы.

Ойналатын сюжеттер:

«Таңғы қабылдау»

«Біздің сабақтар»

«Таңертеңгілік жаттығу»

«Таңғы ас- тәрбиешінің көмекшісінің жұмысы»

«Топты тазалау- тәрбиеші көмекшісінің жұмысы»

«Серуенде»

«Музыка сабағында»

«Дене шынықтыру сабағында»

«Дәрігердің қабылдауында»

«Балабақшадағы түскі ас»

«Балабақшадағы аспазшының еңбегі»

«Балабақшадағы кіржуушының еңбегі»



Ойын іс-әрекеттері:

Тәрбиеші балаларды қабылдайды, балалармен ойнайды, сабақ жүргізеді.

Дене тәрбиешісі балалармен бірге жаттығу жасайды.

Тәрбиеші көмекшісі топтағы тәртіпке қарайды, балаларды киіндіруге және шешіндіруге көмектеседі, тамақтануға көмектеседі, балалармен ойнайды.

Музыка жетекшісі музыка сабақтарын өтеді.

Дәрігер балаларды қабылдайды, тексеріп оларға ем-дом жасайды.

Медбике салмақтары мен бойларын өлшейді, дене қызуларын өлшейді, екпе жасайды, бөлме мен асхананың тазалығын тексереді.

Аспазшы балаларға тамақ әзірлеп, оны тәрбиешінің көмекшілеріне таратады.

Кір жуушы киімдерді жуады, тазалайды, кептіреді, үтіктейді, бүктеп тәрбиешінің көмекшілеріне береді



«Шаштараз»

Мақсаты: Ерлер және әйелдер шаштаразшылардың жұмысымен таныстыру. Рөлді сомдауды және әңгіме жүргізуді үйрету. Келушілермен дұрыс қарым-қатынас орнатуға тәрбиелеу.

Ойынға қажетті құралдар: Айна, қажетті құрал-саймандар қоятын қорапша, түрлі тарақтар, бигуди, шашка арандған лак, қайшылар, шаштаразшының алжапқышы, сүлгілер, шаш үлгілері бейнеленген журналдар, ұстара, ақша, швабра, шелек, жақпа майлар, тырнақ бояғыштар.

Алдын-ала жүргізілетін жұмыстар: «Шаштараз не үшін қажет?» тақырыбында әңгіме өрбіту, қоғамда өзін мәдениетті ұстау туралы әңгіме жүргізу. «Қуыршақтың шаш үлгісі», «Қуыршаққа бантик байлаймыз» дидактикалық ойындарды ойнату.

Ойналатын рөлдер: Шаштаразшылар-ерлер шебері мен әйелдер шебері, тырнақ әсемдейтін шебер, еден жуушы, келушілер: аналар, әкелер және олардың балалары.

Ойналатын сюжеттер:

«Анасы қызын шаштаразға апарады»

«Әкесі ұлын шаштаразға апарады»

«Қуыршақтарға сәнді шаш үлгілерін жасайық»

«Автобуспен шаштаразға барамыз»

«Мерекелік шашүлгісін жасаймыз»

«Өзімізді әсемдейік»

«Ерлер залында»

«Шаштаразға қажетті тауарларды сатып аламыз»

«Балалабқшаға шаштаразшыны шақырамыз»

Ойын іс-әрекеттері:

Әйелдер шебері келушіге арнайы жапқышты кигізеді, шашан бояйды, басын жуады, сүлгімен сүртіп, шашын қысқартады, бигуди орайды, фенмен шашын кептіреді, лак себеді, шаш күтіміне қатысты кеңестер береді.

Ерлер шебері шашты қырады, бастарын жуады, феномен кептіреді, сақалдарын түзейді, айнаға қарауды ұсынады, иіс сулар себеді.

Тырнақ өсіру шебері тырнақтарды егеп, жақпа май жағып береді.

Келушілер сыпайым түрде амандасады, кезектерін күтеді, шаш үлгілері бейнеленген журналдарды көреді, кофеге тапсырыс беруге болады; қандай шаш үлгісін жасау туралы кеңеседі, алғыстарын айтады, ақшасын төлейді.

Еден жуушы шандарды сүртеді, пол жуады, сүзгілерді ауыстырады.

«Мен жүргізушімін»



Мақсаты: Балалардың жүргізуші мамандығы туралы түсініктерін кеңейту. Ізгілікке баулу, көмекке келуге әрдайым дайын болуға тәрбиелеу. Транспорттағы мәдениеттілікті үйрету.

Ойынға қажетті құралдар: машинаны жөндеуге арналған құралдар, құрылыс материалдары, рөл, канистра, жанармай құюға арналған құралдар, шелек, билеттер, ақша, кондукторға арналған сөмке, бағдаршам, жүргізушінің куәліктері, жол инспекторының киімдері..

Алдын-ала жүргізілетін жұмыстар: Автобус аялдамасына экскурсия жасау, автобус және такси жүргізушісінің іс-әрекеттерін бақылау.

Ойналатын рөлдер: Такси жүргізушісі, автобус жүргізушісі, кондуктор, жолаушылар, жүк машинасын жүргізуші, механик, бензин құюшы, жол инспекторы.

Ойналатын сюжеттер :

- «Автобус құрайық»
- «Автобус жүргізуді үйренейік»
- «Автобус жолаушыларды тасмалдайды»
- «Машина жөндейміз»
- «Машинаға жанармай құямыз»
- «Машинаны жуамыз»
- «Жүк машинасы жаңа үйге жиһаз әкеле жатыр»
- «Жолаушыларды әуежайға апару»
- «Гаражға бару»
- «Балабақшаға жорл тарттық»
- «Қаланы айналып қыдырамыз»
- «Қонаққа барамыз»

Ойын іс-әрекеттері:

Такси жүргізушісі жолаушыларды қажетті жеріне жеткізеді, ақшаларын алады, жүктерін түсіруге көмектеседі.

Жүк көлігін жүргізушісі жүктерді артып, қажетті жеріне жеткізіп, жүктерді түсіреді.

Автобус жүргізушісі көлігін айдайды, аялдамаларды хабарлап, оларға тоқтайды.

Кондуктор билеттерді сатады, билеттерді тексерді, автобустағы тәртіпке қарайды, жолаушылардың сұрақтарына жауап береді.

Жолаушылар автобустарға мінеді, билеттер сатып алады, үлкендерге орын береді;

алыс жолдарға дайындалып-киімдерін жинайды, егер қонаққа немесе театрға баратын болса киініп, шашын дұрыстап дайындалуға кіріседі.

Механик машинаны тексереді, жөндеу жұмыстарын жүргізеді.

Жанармай құюшы машиналарға жанармай құяды, жұмысының ақысын алады.

Жол полициясы – жол ережесінің бұзылмауын қадағалайды, көліктерді тоқтатып, куәліктері мен көліктерін тексереді.

Қорытынды.

Дефектолог маманы жыл соңында осы жастағы балаларда келесі қасиеттердің дамуына ықпал етеді:

Мектеп жасына дейінгі балаларда танымдық қабілеттері мен сөйлеу тілін дамыту жұмыстарының өзектілігі қазіргі шындықпен байланысты. Біз тез өзгертін әлемде, ақпарат, компьютерлер, спутниктік теледидар, ұялы байланыс, интернет дәуірінде өмір сүріп жатырмыз. Ақпараттық технологиялар бізге жаңа мүмкіндіктер береді. Біздің бүтінгі тәрбиеленушілерімізді қызықты болашақ күтіп тұр. Олар сәтті болуы үшін, үнемі өсіп келе жатқан ақпарат ағынына шебер бағдарлану үшін оларды ақпаратты оңай және тез қабылдауға, оны талдауға, жаңасын игеруде қолдануға, әртүрлі жағдайларда ерекше шешімдер табуға үйрету керек. Білім беруді дамытудың заманауи тенденцияларына сәйкес біз балабақшадан білім беру процесіне қызығушылық танытатын, белсенді, белсенді, қызығушылық танытатын, зияткерлік және жеке мәселелерді шеше алатын, сонымен қатар оқу іс – әрекетінің әмбебап алғышарттарын ережеге сәйкес жұмыс істей алатын адамды босатуымыз керек. Тәрбиеленуші алғашқы ұйымдастырылған оқу іс-әрекеттерінен бастап қиындықтарға тап болмас үшін және нәлден үйренудің қажеті жоқ, қазірдің өзінде мектепке дейінгі кезеңде баланы тиісті түрде дайындау керек.

Сөйлеу тіліндегі сауаттылық, дамыған логикалық ойлау-бұл балабақша түлегін мектепте сәтті оқытудың кепілі.

Бағдарламаның мазмұны 4-5-6 жастағы балалардың логикалық ойлаудың маңызды дағдыларын - "ақыл-ойда әрекет ету" қабілетін игеруге, сөздік қорын дамытуға бағытталған. Адамдардың өмір сүру ортасын танып-білу, қоршаған ортадағы барлық түсініктермен танысу, оларға тән айырмашылықтарды ажырата алуға, айналасына адамгершілікпен және қамқорлықпен қарауға тәрбиелейді.

Келтірілген мысалдар мен қолданылған әдістемелер баланың сөйлеу тілінің дамуын, фонематикалық түсініктерін дамытуға бағытталған.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасының заңы «Білім туралы» 2007 жыл 27 шілде №319-III.
2. Тиісті үлгідегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы (30 қазан 2018 №595)
3. «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» (5 мамыр 2020 №182)
4. Мемлекет Басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауы
5. Қазақстан Республикасының заңы «Педагог мәртебесі туралы» 2019 жылғы 27 желтоқсандағы №293-VI.
6. Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы 2002 жылғы 8 тамыздағы №345-II.
7. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МЕКТЕПKE ДЕЙІНГІ ҰЙЫМДАРЫНДА 2019-2020 ОҚУ ЖЫЛЫНДА ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІН ҰЙЫМДАСТЫРУ ТУРАЛЫ ӘДІСТЕМЕЛІК НҰСҚАУ ХАТ
8. В.А. Лапшин, Б.П. Пузанов Словарь по дефектологии. Лебединский В.В.
9. Нарушения психического развития в детском возрасте. М., 2003.
10. Выготский В.С. Баланың жас ерекшеліктері және кемтар бала психологиясы туралы таңдамалы еңбектер. Алматы, 1999